

Жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығын белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 257 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 67-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағы 2-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, жер комиссиясының 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 7 хаттамасы және "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № KZ91VBG01085771 бұйрығымен бекітілген жерге орналастыру жобасы негізінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 10 жыл мерзімге орман қорының жерін қоспағанда, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл және Возвышенка ауылдық округтерінің аумағында Булаев топтық су құбырының магистральдық құбыр жолының желілік бөлігін орналастыру және пайдалану үшін жалпы ауданы 33,6 гектар жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығы белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша) жұмыс аяқталғаннан кейін жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Қ. Ақсақалов

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің

2022 жылғы "18" қарашадағы
№ 257 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы

									0,10			
												9,9
									0,2			9,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК